



**ШЕШІМ**

17.01.2023

Астана қаласы

**РЕШЕНИЕ**  
310/38-VII

№

город Астана

**«Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
аппараты» ММ құрылымын бекіту  
туралы Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының  
2021 жылғы 10 наурыздағы № 22/2-VII  
шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының астанасы - Нұр-Сұлтан қаласын Қазақстан Республикасының астанасы - Астана қаласы деп қайта атау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 17 қыркүйектегі Жарлығына және Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 28 желтоқсандағы № 300/37-VII «Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 22 қыркүйектегі № 230/31-VII «Астана қаласы мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» шешіміне сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ құрылымын бекіту туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 10 наурыздағы № 22/2-VII шешіміне (бұдан әрі - Шешім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) бүкіл Шешімдегі және оған қосымшадағы «Нұр-Сұлтан» деген сөз «Астана» деген сөзбен ауыстырылсын.

2) Шешімге қосымшада:

үшінші жолда, «Бөлімшелер мен лауазымдардың атауы» бағанында «хатшы» деген сөз «төраға» деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы шешім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы  
мәслихатының төрағасы

Е. Каналимов